

¹Шадкам З.  ²Амантай М.А. 

^{1,2}Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

^{1,2}E-mail: moldir.amantay.2001@gmail.com

ШЫҒЫС ДЕРЕКТЕРІНДЕГІ АНТРОПОТОПОНИМДЕРДІҢ ТАРИХИ-ОНОМАСТИКАЛЫҚ МӘНІ: БАБЫРНАМА НЕГІЗІНДЕ

Аңдатпа. Антропотопонимдер – белгілі бір географиялық нысанның атауын кісі есімімен байланыстыратын ерекше топонимдік санат. Олар тарихи жады мен мәдени сабақтастықты сақтауда маңызды рөл атқарады. Бұл зерттеу Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың Бабырнама еңбегінде кездесетін антропотопонимдердің тарихи-ономастикалық маңызын анықтауға бағытталған. Зерттеудің жаңалығы – *Бабырнама*дағы антропотопонимдер анықталып, олардың тарихи, лингвистикалық және географиялық ерекшеліктері қарастырылады. Бұған дейін шығыс мәтіндеріндегі антропотопонимдер аз зерттелу себебінен, бұл жұмыс ономастика саласына жаңа деректер енгізуге мүмкіндік береді. Мақаланың негізгі міндеттері – *Бабырнама*дағы антропотопонимдерді жинақтау, олардың семантикалық және этимологиялық талдауын жүргізу, тарихи контекстегі рөлін анықтау. Зерттеу нәтижелері ономастика, тарих және тіл білімі салаларына практикалық маңыздылыққа ие. Зерттеу әдіснамасы ретінде салыстырмалы-тарихи, ономастикалық және семантикалық талдау әдістері қолданылады. Бұл тәсілдер антропотопонимдердің шығу тегін, тарихи контексте қолданылуын және олардың когнитивтік құрылымын түсінуге мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижесінде Бабырнамадағы антропотопонимдердің тізімі жасалып, олардың семантикалық ерекшеліктері мен тарихи қолданысы талданады. Антропотопонимдерді зерттеу түркі халықтарының тарихи және мәдени мұрасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеу антропотопонимдердің маңызын түсінуге, олардың қолданылу ерекшеліктерін анықтауға және болашақ ғылыми ізденістерге бағыт-бағдар беруге ықпал етеді деп ойлаймыз.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржыландыруымен «Қытай және өзге де Шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көрінісі» жобасы аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR24993043).

Кілт сөздер: топонимика, антропотопонимдер, шығыс деректері, Бабырнама.

Кіріспе

Ономастика – тілдің сөз байлығы, сөздік қорымен жалпы лексикамен тығыз бірлікте, берік байланысты. Ол осынымен қатар, тарих, этнография, этнология, география және эстетика, әдебиеттану, философия, биология сияқты ғылымның белгілі салаларымен үнемі байланыс, бірлікте. Бұл көрсетілген ғылымдармен бірге болғанымен ономастика лингвистикалық пән болып есептеледі. Өйткені оның зерттейтін негізгі объектісі – сөз (Жанұзақов, 2004: 64). Ономастика ғылымы бірнеше салаларды қамтиды, солардың негізгі саласының бірі – топонимика.

Топонимика – ономастиканың құрамдас бөлігі ретінде географиялық нысандардың атауларын, олардың шығу тегін, мағынасын, мазмұнын, қолданылу ерекшеліктерін, жазылуы мен айтылуын зерттейтін ғылым.

Белгілі бір аймақтағы топонимикалық лексика сол жердің географиялық ерекшеліктеріне байланысты қалыптасады. Сондықтан топонимикалық жүйені зерттеу осы ерекшеліктерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді (Миниярова, 2023: 56). Бұл тұрғыда, Миниярова атап өткендей, топонимикалық атаулардың қалыптасуы мен дамуы сол аумақтағы табиғи, тарихи және мәдени факторларға тікелей тәуелді. Осыған байланысты топонимикалық

жүйені зерттеу – белгілі бір өңірдің ландшафтық, этнолингвистикалық және тарихи құрылымын түсінуге көмектесетін маңызды құрал.

Топонимдер тек объектілерді атау үшін ғана емес, сонымен қатар олардың тарихи, мәдени және әлеуметтік маңызын сақтап, ақпарат жеткізу үшін де қолданылады. Адамның когнитивтік және номинативтік қабілеттері бұл атаулардың қалыптасуына әсер етеді. Географиялық атауларды зерттеу тіл, психология және адамның әлемді тануымен тығыз байланысты, өйткені олар білімді жүйелеу мен жіктеудің негізгі тәсілдерін көрсетеді (Микешина, 2006: 258).

Топонимикалық лексиканы зерттеу лингвистикалық ғылым үшін де, белгілі бір қоғамның ерекшеліктерін тереңірек түсіну үшін де үлкен маңызға ие. Топонимдер мәдениеттің және тілдің бір бөлігі бола отырып, қоғамның мәдени дамуының бағыты мен динамикасын көрсетеді, сондай-ақ оның негіздерін, себептерін және бірегей сипаттарын жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы топонимика зерттеушісі Ф. Каччафоко атап өткендей, ежелгі тарихы бар географиялық орындар мен нысандардың атауларын зерттеу белгілі бір мағынада «тіл археологиясы» ретінде қарастырылуы мүмкін, бұл бізге өткеніміздің көптеген қырларын ашуға мүмкіндік береді (Cassiafoco, 2023: 8). Яғни, топонимдерді лингвистикалық тұрғыдан зерттеу қазіргі заманғы адамдар мен географиялық атаулар арасындағы күнделікті қарым-қатынасты түсінуге де көмектеседі.

Белгілі бір аумақтың топонимикалық лексикасын зерттеу осы жердің қазіргі мәдени-тілдік ландшафтының ерекшеліктерін ашуға көмектеседі (Уразметова, 2022: 6), сондай-ақ белгілі бір қоғамның тарихын, мәдениетін және ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Топонимика бойынша зерттеулер әлемнің түрлі елдерінің материалдары негізінде бұрыннан жүргізіліп келеді, дегенмен белгілі бір аумақтың топонимикасын, әсіресе шығыс дереккөздеріндегі антропотопонимдердің ерекшеліктері мен негізгі сипаттарын арнайы зерттеу әлі де жеткіліксіз болып отыр.

Географиялық атаулар – тілдік бірліктердің бір түрі және олар жеке немесе бірнеше сөзден тұруы мүмкін. Бұл атаулар көбінесе адамдар мен этникалық топтарды, тірі ағзаларды (жануарлар мен өсімдіктерді), сондай-ақ табиғи ландшафт элементтерін сипаттайды (Уразметова, 2016: 152).

Топонимика – тарихи-мәдени ақпаратты сақтауға және таратуға мүмкіндік беретін маңызды ғылыми бағыттардың бірі. Топонимикалық зерттеулер белгілі бір этностың әлемді тану ерекшеліктерін, оның тарихи даму динамикасын қалпына келтіруге көмектеседі. Географиялық атаулар (топонимдер) – кез келген өркениеттің мәдени мұрасының ажырамас бөлігі және олардың қалыптасу үдерісі халықтың тарихи және тілдік санасының көрінісі ретінде қарастырылады.

Географиялық атаулардың өзгеру үрдісін талдау өткен дәуірлердің тарихи, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Топонимдердің жіктелуі ішінде ерекше орын алатындары – антропотопонимдер. Бұл термин грек тіліндегі *anthropos* («адам») және *onyma* («есім») сөздерінен шыққан. Антропотопонимдер – географиялық атаулардың ерекше категориясы, олардың қалыптасуы адам есімдері, тегі және лақап аттары негізінде жүзеге асады. Мұндай атаулар, әдетте, алғашқы қоныстанушылар, жер иелері немесе белгілі бір аймақта ықпалды рөл атқарған тарихи тұлғалармен байланыстырылады. Антропотопонимдердің пайда болуына мемлекет билеушілері, тайпа және ру көсемдері, сондай-ақ тарихи, әлеуметтік немесе экономикалық себептерге байланысты басқа аймақтарға қоныс аударған жеке тұлғалар әсер еткен.

Антропотопонимдерді зерттеу – олардың тарихи-мәдени мәнін анықтау, аймақтық ерекшеліктерін сипаттау және олардың қоғамдағы рөлін жүйелі түрде түсіндіру үшін маңызды. Түркі-моғол дәуіріндегі географиялық атаулардың қалыптасуында билеушілердің,

әскери қолбасшылардың, сопылық ағым өкілдерінің және өзге де маңызды тарихи тұлғалардың есімдері үлкен рөл атқарды. Сонымен қатар, олардың қолданылу ерекшеліктері, семантикалық трансформациялары және қазіргі заманғы орны да маңызды зерттеу объектісі болып табылады.

А.В. Суперанская антропотопонимдердің қалыптасуын зерттей отырып, бұл құбылысты: «Адам және оның қызметімен байланысты топонимикалық номинация желісі жеке есімдер, лақап аттар, жекелеген адамдардың тегі сияқты атау категорияларымен тығыз байланысты. Бұл атаулар топонимикалық қатарға енген кезде, олар антропотопонимдерді қалыптастырады» (Суперанская, 1984:89) сипаттайды. Осылайша, антропотопонимдердің пайда болуы жеке антропонимдердің географиялық атаулар жүйесіне ауысуымен және олардың белгілі бір аумақтың тарихи-мәдени кеңістігін бейнелеуімен түсіндіріледі.

Белгілі бір халықтың тарихын зерттеуде географиялық атаулардың маңызы зор. Топонимдер арқылы адам баласы өзінің этникалық, ұлттық және тарихи болмысын таниды. Географиялық атаулар жеке тұлғаның өз аумағын, туған жерін, тайпалық немесе этникалық бірлестігін сезінуіне ықпал етеді. Бұл өз кезегінде гуманизм мен патриотизмнің қалыптасуына негіз болады, өйткені жер атаулары – тарихи жады мен мәдени мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін маңызды белгі жүйесі.

Географиялық атауларды бастапқы мағынасы тұрғысынан зерттеу және тарихи эволюциясын анықтау барысында көне дереккөздердің рөлі ерекше. Бұл тұрғыда Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың (1483-1530) шағатай тілінде проза түрінде жазған «Бабырнама» еңбегі XV-XVI ерекшеліктерді бейнелей отырып, ортағасырда түркілердің жүріп өткен географиялық аймақтарды анықтау үшін маңызды тарихи-ономастикалық дереккөз.

В.В. Бартольд да бұл еңбекті «түркі прозасының үздік шығармасы» деп атаған (Бартольд, 1964: 142).

Бабырнама Орта Азиядағы феодалдық қақтығыстар дәуірін, империялардың қалыптасуы мен құлдырауын, олардың әлем тарихына қалдырған ізі туралы кеңінен ақпарат береді. Сондықтан, ол жалғыз тілшілер емес әдебиет, тарих, мәдениет және соғыс стратегиясын зерттейтін ізденушілер үшін де маңызды дерек.

Антропотопонимдер – тарихи-мәдени және тілдік зерттеулерде маңызды орын алатын күрделі феномендердің бірі. Олар белгілі бір аймақтың тарихы мен мәдени құндылықтарының көрінісі ретінде қарастырылады. Ортағасырлық шығыс деректеріндегі антропотопонимдердің зерттелуі сол кезеңнің тарихи, мәдени және әлеуметтік жағдайын түсінуге үлкен үлес қосады. Ортағасырда парсы тілінде жазылған шығармаларда түркілердің жүріп өткен елді мекендерді осы антропотопонимдер арқылы білуге болады. Мысалы:

Мұхаммад Юсуф Валех Исфажани Қазвини (XVII ғ.) Сефевиттер кезінде жазған *Холд-е Беррин* еңбегінде Тимуридтер және Түркілердің тарихын баяндаған VI және VII-ші бөлімдерінде: Аб-е Тимур /Тимур суы, өзені (169 б.), Баезид қорғаны (147, 461 б.), Банд-е Амир / Әмір бекеті (154 б.), Банд-е Рүстәм / Рүстәм бекеті (135), Пол Зия ал-Мүлк / Зия ал-Мүлк көпірі (142 б.), Тахт-е Хулакухан / Хулакухан тағы (340 б.), Дияр-е Бәкір / Әбу Бәкір елі, отаны (200, 203, 285 б.), Көшк-е Арғун /Арғун сарайы (307 б.), Куһ-е Сүлейман / Сүлейман тауы (230 б.) секілді антропотопонимдер кездеседі.

Түркі (шағатай) тілінде жазылған *Бабырнама*дағы топонимдердің арасында да антропотопонимдер кездеседі. Бұл атаулар белгілі бір географиялық нысандардың тарихи кезеңдер және маңызды оқиғалармен байланысын көрсетеді. Антропотопонимдер арқылы аймақтың саяси, әлеуметтік және мәдени өзгерістерін анықтауға болады. Тарихи дереккөздерде, әсіресе *Бабырнама*да кездесетін антропотопонимдер белгілі тарихи тұлғалардың, саяси оқиғалардың және діни-мәдени үрдістердің ықпалымен қалыптасқанын байқаймыз. Себебі, Бабыр өзінің жүріп өткен, жаулап алған жерлерін сипаттап, сол елді-мекендердің ерекшеліктеріне, тұрмыс-тіршіліктеріне, атауларына көңіл бөлген. *Бабырнама*да географиялық атаулардың адам аттарымен де байланыстырып қойылғанын көре аламыз. Бұл

атаулар тек географиялық нысандарды ғана емес, сондай-ақ тарихи кезеңдердегі билік жүйесін, этномәдени байланыстардың және әлеуметтік құрылымның ерекшеліктерін бейнелейді.

Антропонимдер мен топонимдер ғылыми зерттеулерде кеңінен қарастырылғанымен, антропотопонимдерге қатысты зерттеулер көп кездеспейді. Тарих, мәдениеттану, лингвистика және саясаттану салаларын зерттеу үшін ортағасырлық шығыс деректеріндегі антропотопонимдердің қолданылу ерекшеліктерін зерттеу – өзекті мәселе. Осы жерде, антропотопонимдердің тарихи-ономастикалық құбылыс ретіндегі маңызын ашу қажеттілігі туындайды.

Зерттеуіміздің мақсаты – *Бабырнама* еңбегінде кездесетін антропотопонимдерді жүйелі түрде зерттеу арқылы олардың тарихи және ономастикалық маңызын анықтау болғандықтан, *Бабырнамадағы* антропотопонимдерді анықтап, жіктеп, жинақтап, олардың құрылымдық, этимологиялық ерекшеліктеріне анықтама беру.

Материалдар мен әдістер

Бір неше тілге аударылған *Бабырнама* – көптеген отандық және шетелдік тілші, әдебиетші, тарихшы және шығыстанушы ғалымдар тарапынан әлі күнге дейін зерттеліп келе жатқан құнды еңбек. 1826 жылы Дж. Лейден мен В. Эрскин бұл шығарманың қолжазбасын (манускрипт) ағылшын тіліне аударып, оған Орталық Азия халықтарының тарихы мен географиясына қатысты кіріспе жазған. Бұл құнды қолжазба қазіргі кезде Ұлыбритания мұрағаттарында сақтаулы. XX ғасырда бұл аударма Л. Кинг және А. С. Беверидж тарапынан кеңейтіліп, ғылыми ортаға енгізілді.

Бабырдың шығармашылық мұрасына деген қызығушылық XVI ғасырдан бастау алып, зерттеушілердің назарын аударды. Бабырнама атауы XVII ғасырдан бастап еуропалық саяхатшылардың еңбектерінде қолданыла бастайды.

Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың (1483–1530) *Бабырнама* еңбегі алғаш рет орыс тілінен қазақ тіліне 1990 жылы Байұзақ Қожабекұлының тәржімасымен «Жалын» баспасынан Алматыда жарық көрді. Кейіннен бұл аударма 1993 жылы «Ататек» баспасынан қайта басылып шықты.

Бабырнаманы қазақ тіліне аударғандардың бірі – Ислам Жеменей. Ол бұл шығарманы түпнұсқадан тікелей аударып, 2023 жылы «Дарын» баспасынан жариялады. Бұл басылымның ерекшелігі – еңбектің түпнұсқадан қазақ тіліне алғаш рет аударылуы.

Зерттеу материалдары ретінде тарихи жазба деректер, топонимикалық сөздіктер, лингвистикалық еңбектер және тарихи географиялық мәліметтер пайдаланылды. Антропотопонимдердің құрылымдық ерекшеліктерін анықтау мақсатында жинақтау, жүйелеу, салыстыру және семантикалық талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар, деректерді аналитикалық тұрғыдан қарастырып, олардың тарихи-ономастикалық маңызын ашу үшін мәтіндік талдау әдістері пайдаланылды.

Талқылау

Әмір Темірдің тікелей ұрпағы, Үндістандағы Ұлы Моғолдар империясының негізін қалаушы Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр (1483-1530) өмірінің көп бөлігін соғыстар мен жорықтарда өткізді және жаулап алған, сапар шеккен аймақтарды жан-жақты сипаттап, географиялық, әлеуметтік, экономикалық және мәдени ерекшеліктерін баяндаған жазбаларын қалдырды. Оның ең маңызды әрі танымал еңбектерінің бірі – *Бабырнама*.

Ол тек туған жері Ферғананың ғана емес, сондай-ақ Орта Азияның басқа да аймақтарының саяси және әкімшілік құрылымын нақты сипаттай отырып, жүріп өткен елді мекендердің табиғатына, флора мен фаунасына ерекше көңіл бөліп, географиялық сипаттамасын береді және сол кезеңдегі көптеген тарихи терминдердің этимологиясын түсіндіреді.

Бабыр және оның ұрпақтары әлем тарихына, Шығыс мәдениеті мен өркениетінің дамуында маңызды із қалдырды. Оның өмірі және әулетінің тағдырына қатысты хронологиялық зерттеулер көптеген ғалымдардың әлі де зерттеу объектісі.

Шығыстанушы ғалымдардың ғылыми-зерттеу мүдделері негізінен Шығыс елдерінің, әсіресе Орталық Азия мен Үндістанның тарихы, экономикасы, географиясы, әдебиеті, тілі, өнері, діні, этнографиясы және мәдени мұраларын зерттеуге бағытталған.

Казакова бұл аспектілердің барлығы Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың *Бабырнама* шығармасында көрініс тауып, әлемдік шығыстанушы: Дж. Лейден, В. Эрскин, А. С. Беверидж, Н. И. Ильминский, Г. Я. Кером, М. Салье, А. Паве де Куртейль, Н. Ф. Петровский, А. Н. Самойлович, Е. Денисон Росс, Уилер М. Такстон, Г. В. Благова, Т. Д. Байтураев, Р. М. Казакова, М. И. Абдурахманов, Я. И. Авлакулов, А. Н. Бабин, И. М. Бурхонов сынды ғалымдардың зерттеу нысанына айналғанын, олардың *Бабырнаманың* тарихи, мәдени, әдеби және географиялық аспектілерін жан-жақты талдағанын (Казакова, 2022:88) айтады.

Бабырнама – Орталық Азияның мәдени және тарихи мұрасының жаухары, ол топонимиканы дербес ғылыми бағыт ретінде дамытуға негіз болды (Кораев, 2006:273). Шынында да, бұл еңбек тек тарихи оқиғаларды сипаттаумен ғана шектелмей, сонымен қатар XV-XVI ғасырлардағы географиялық атаулардың жүйесін түсінуге мүмкіндік береді. *Бабырнама*да тіркелген топонимдер белгілі бір өңірдің саяси, экономикалық және мәдени орталықтарының орналасуын айқындап қана қоймай, халықтың дүниетанымы мен тарихының қалыптасуына да әсер етті. Осы тұрғыдан алғанда, бұл шығарма – тек тарихи дереккөз ғана емес, ономастика, тіл білімі және топонимика салалары үшін де маңызды ғылыми дерек.

Зерттеу нәтижелері

Топонимика зерттеулерінің негізгі бағыттарына арналған ғылыми еңбектерде бұл саланың тәуелсіз ғылым ретінде қалыптасуы үшін лингвистика, тарих және география ғылымдарының өзара байланысы маңызды екені атап өтілді. Сондай-ақ олардың этимологиясы мен шығу тегін анықтауда кейбір жағдайларда тек география ғылымының ғана лингвистерге нақты дерек бере алатыны ерекше мәнге ие екені көрсетілді.

Антропотопонимдер де топонимдер сияқты адам мен кеңістік арасындағы қарым-қатынасты бейнелейтін, тілдік сананың құрылымында ерекше орын алатын ақпарат көздері. Олар белгілі бір аймаққа қатысты білім қорын жинақтап, тарихи тұлғалардың есімдері арқылы мәдени сабақтастықты, ұрпақтар арасындағы байланысты сақтауға ықпал етеді. Антропотопонимдердің құрамына белгілі бір географиялық орынның билеушілері, қолбасшылары сынды тұлғалардың есімдері ғана кірмейді. Сонымен қатар, антропотопонимдер қатарына билеушілердің титулдары негізінде қалыптасқан атаулар да жатады. Орта ғасырлық түркі мемлекеттерінде қаған, хан, шад, тархан, йабғу (байғу, жабғу), хатун, чур, тегін, тудун, тұтұк, бек сияқты билік пен мәртебені білдіретін лауазымдар кеңінен қолданылған. Бұл титулдарға байланысты бірнеше жер атауларының қалыптасқаны белгілі. Мысалы, IX ғасырда Кашмир шекарасындағы Вахан өңірінде Хакан таулары (Михайлова, 1951: 17) туралы мәліметтер кездеседі. Ортағасырлық картограф әл-Идриси жасаған карталарда Ахсикеттен шығысқа қарай Хакан әл-Хазладжийа қаласының атауы тіркелген, оның Іле өзені бойындағы билеушілердің астанасымен байланысы болуы мүмкін (Караев, 1973: 36). Сонымен қатар, Бинкат қаласындағы қақпалардың бірі Дар-и Ку-йи Хакан деп аталған, бұл атаудың пайда болуына сол қақпаға шығатын көшенің Ку-йи Хакан (Қаған көшесі) деп аталуы негіз болған (al-Istakhri, 1967: 34).

XVI–XVII ғасырлардағы тарихи құжаттарда Әндіжан өңіріндегі Хакан атты елді мекен атауы кездеседі. Сонымен қатар, *Бабырнама*да XV ғасырда Әндіжан қаласының қақпаларының бірі *Хакан қақпасы* деп аталғаны айтылады (Жеменей, 2023: 76). Бұл атаулар билеушілердің титулдары мен тарихи тұлғалардың есімдерінен қалыптасқан антропотопонимдер қатарына жататындықтан олардың таралуы Орта Азиядағы саяси-

ономастикалық үрдістермен тығыз байланысты.

Бабырнамада кездесетін *Фируза қақпасы* (110 б.) атауы Фируза Бегім есімімен тікелей байланысты ол, *Сұлтан Үсейін мырзаның анасы. Фируза бегім әмір Темірдің немересі* (Жеменей, 2023: 184).

Тарихи деректерде билеушілер мен олардың жақын туыстарының есімдері бекіністерге, қақпаларға, қалаларға және маңызды инфрақұрылымдық нысандарға берілуі жиі кездеседі (Камолитдин, 2006: 155). Сол себепті, Фирузе қақпасы атауының шығу тегі кісі есімімен байланысты екенін анық.

Ортағасырларда бақтардың көп болғанын және олардың атаулары билеушілердің сүйікті әйелдері, қыздары немесе қоғамда орны қалған әйел тұлғалардың құрметіне қойылғанын *Бабырнамада* байқауға болады. Бұл үрдіс билеушілердің өз әулетінің беделін көрсетуімен қатар, әйелдердің саяси және әлеуметтік мәртебесінің көрінісі болуы мүмкін.

Бабырнамада Зубейде бағы (216 б.) атауы кездеседі. Бұл атау – Зүбейде есімінен шыққан. Орта ғасырларда Зүбейде есімі жоғары мәртебелі әйелдер арасында кең таралған. Аббасид халифаты кезінде атақты Зүбейде бінт Жа'фар әл-Мансұр (Zubaida bint Ja'far al-Mansur) өзінің қайырымдылық іс-шараларымен белгілі болған және оның есімімен түрлі нысандар аталған. Орта Азияда билеуші әулеттер әйелдерінің есімдері бақтарға берілуі кең тараған дәстүр болғандықтан, Зүбейде бағы атауы да осы үрдістің жалғасы болуы ықтимал.

Бабырнамада гидронимдердің кеңінен кездесетінін, алайда олардың ішінде антропогидронимдердің үлесі айтарлықтай аз болғандығы байқалады. Бұл өзендер мен су көздерінің атаулары негізінен табиғи ерекшеліктеріне немесе географиялық орнына қарай қойылады. Дегенмен, сирек кездесетін антропогидронимдер тарихи-ономастикалық тұрғыдан ерекше мәнге ие. Мысалы, еңбектегі *Баран суы* (227 б.) және *Гүлбаһар өзені* (227 б.) сияқты атаулар.

Сонымен қатар, Бабырнамадағы *Құптан намазы еді, келіп Хакан арығынан өтіп, Рәзәк керуен сарайы қыстағының жанында қос тіктік* (Жеменей, 2023: 124) деген сөйлемде бірнеше маңызды топонимдер кездеседі. Бұл атаулардың шығу тегі туралы нақты тарихи деректер болмаса да, олардың мағынасы мен этимологиясына негізделген болжамдар жасауға болады. Біріншіден, *Хакан арығы* атауындағы *арық* сөзі су нысанын білдіретін гидроним болса, *Хакан* тарихи тұлғаның есімі немесе лауазымдық титулы негізінде қолданылуы мүмкін, бұл жағдайда атау антропогидроним ретінде қарастыруға болады. Екіншіден, *Рәзәк керуен сарайы қыстағы* атауында *Рәзәк* жеке есім ретінде қолданылғандықтан, ол – антропотопоним, ал *керуен сарай* (ойконим – ғимарат атауы) сауда жолындағы тұрақ болғандықтан, ойконимдік сипат алады. *Қыстақ* (микротопоним – шағын қоныс атауы) – маусымдық қоныс атауы ретінде микротопонимге жатқыза аламыз.

Жоғарыда атап өткендей, антропотопонимдер қатарына билеушілердің титулдары негізінде қалыптасқан атаулар да жатады. *Бабырнамада* келтірілген топонимдердің ішінде *Мелик қақпасы* (216 б.), *Мелик базары* (216 б.) атауларын антропотопонимдер қатарына жатқыза аламыз. Бұл атаулар белгілі тарихи тұлғалардың немесе лауазым иелерінің есімдерімен тікелей байланысты болып, олардың есімдері немесе титулдары арқылы қалыптасқан. Орта ғасырларда билеушілер мен беделді тұлғалардың аттары тек қалаларға ғана емес, сонымен бірге қақпаларға, базарларға, мешіттер мен медреселерге берілген.

Мелик қақпасы атауы *мелик* титулымен байланысты, ол орта ғасырларда аймақтық билеушілерге қолданылған. *Мелик* сөзі араб және парсы тілдерінде «билеуші, әмір» мағынасын білдіреді. Сондықтан, бұл атау белгілі бір әкімшілік тұлғаға немесе аймақтың басқарушысына тиесілі болуы мүмкін. Орта Азияда мелик титулы билеушілік мәртебені білдіретін атақ ретінде қолданылғандықтан, бұл қақпа атауы жергілікті басқарушы немесе белгілі бір әулеттің өкілімен байланысты қойылған деп болжауға болады. *Сол секілді Мелик базары* атауы да антропотопонимдік сипатқа ие. *Мелик* сөзі айтып өткеніміздей билеушіге немесе әкімшілік тұлғаға қатысты қолданылады.

Бабырнамада тек жер-су атаулары ғана емес, сонымен қатар тарихи тұлғалардың есімдерімен аталған ғимараттар мен кешендердің атаулары да кездеседі. Бұл нысандар көбіне оқу орындары, ғылыми мекемелер немесе діни кешендер болған. *Гауһар Шад бегім медресесі* (216 б.), *Ұлықбек обсерваториясы* (68 б.), *Шейхислам медресесі* (216 б.) секілді атаулар белгілі тарихи тұлғалардың құрметіне қойылған.

Гауһар Шад бегім медресесі атауы топонимиканың бір тармағы – ойконимге жатуы мүмкін, өйткені ол ғимарат атауы ретінде қолданылып тұр. Ойконимдер қалалар, ауылдар, тарихи ғимараттар мен кешендердің атауларын қамтиды, ал медресе – оқу орны болғандықтан, бұл атау осы топқа кіруі ықтимал. Атауда кездесетін *Гауһар Шад бегім* есімі тарихи тұлғаға тиесілі, бұл оны кісі атына негізделген ойконим ретінде қарастыруға негіз береді. Дегенмен, бұл атау жер-су атауы емес, яғни классикалық антропотопоним деп нақты айту қиын.

Ұлықбек обсерваториясы атауы нақты тарихи тұлға – Ұлықбекпен байланысты антропотопоним. Ұлықбек – XV ғасырдағы Тимур әулетінің көрнекті билеушісі, әрі астрономиялық зерттеулердің дамуына зор үлес қосқан ғалым. Парсы және араб тілдеріндегі *Rasathâne/Pasathane* сөзі «обсерватория, астрономиялық зерттеу орны» деген мағынаны білдіреді. Өзі тұрғызған бұл обсерватория Ұлықбек есімімен аталуы заңды.

Шейхислам медресесі атауы жоғары діни лауазымға ие тұлғамен байланысты. *Шейхислам* лақабы ислам әлемінде ең жоғары діни мәртебеге ие ғұламаларға беріледі. Орта ғасырларда медреселер ислам әлемінде діни және ғылыми орталықтар ретінде маңызды рөл атқарғандықтан, олардың атаулары көбінесе беделді діни тұлғаның есімдерімен немесе олар басқарған оқу орындарымен байланысты.

Бабырнама еңбегінде кездесетін *Науаи тағы* (216 б.), *Қажыбек тағы* (216 б.) атаулары антропотопонимдік сипатқа ие. Бұл атаулардың ортақ ерекшелігі – олардың құрамында *тақ* сөзі болуы. Бұл термин түркі-парсы дәстүрінде билеушілік, басқару орталығы және саяси-стратегиялық резиденциялармен тығыз байланысты. Сонымен қатар, аталмыш атаулардың екінші компоненті белгілі тарихи тұлғалардың есімдерімен немесе маңызды билеушілік орталықтармен ұштасуы мүмкін. Бұл атаулардың қалыптасуы мен қолданылуы тарихи тұрғыдан маңызды болуы мүмкін, алайда олардың нақты тарихи деректермен расталмағанын ескеру қажет. Мұндай атаулардың шығу тегін толық анықтау үшін қосымша дереккөздер мен тарихи жазбаларды талдау қажет. Төменде өз болжамымызды ұсынамыз:

Науаи тағы атауы түркі-шағатай ақыны, мемлекет қайраткері Әлішер Науаи есімімен байланысты болуы мүмкін. Науаи – Темір әулетінің көрнекті тұлғаларының бірі. Оның есімімен бірнеше инфрақұрылымдық нысандар аталған. Егер Науаи тағы атауы шынында Әлішер Науаиға тиесілі қойылған болса, онда бұл антропотопоним қатарына кіреді.

Қажыбек тағы атауы белгілі тарихи-әлуметтік тұлғаға болуы мүмкін. Ол: Қажы – араб тілінде «нажы», яғни Меккеге қажылық жасаған кісі;

Бек – түркі халықтарында әкімшілік немесе әскери лауазымды білдіретін титул секілді екі негізгі компонент тұрады.

Бабырнамадағы топонимдерді талдау барысында бекіністер, бактар және қақпалар тысында көпірлердің де белгілі бір тұлғалар есімімен аталғаны кездеседі. Бұл көпірлердің атаулары тарихи тұлғалардың, діни қайраткерлердің немесе ел арасында беделді кісілердің есімдерімен байланысты. Мысалы: *Сейіт Қасым көпірі* (222 б.), *Молда Баба көпірі* (276 б.), *Мұхаммед – шап көпірі* (64 б.), *Мырза көпірі* (64 б.), *Құтлыққадам көпірі* (147 б.) сияқты атаулар.

Зерттеу барысында Бабырнамада кездесетін 12 антропотопоним талданып, олардың тарихи-ономастикалық сипаттамасы берілді. Бұл атаулардың қалыптасуы негізінен билеушілер, мемлекет қайраткерлері, әскербасылар, діни тұлғалар және олардың әулеттерімен байланысты екені анықталды.

Сонымен қатар, кейбір атаулардың антропотопонимдік сипаты толық дәлелденбеген және болжамдық талдауды қажет етеді. Мысалы, *Қажыбек тағы*, *Гүлбаһар өзені* сияқты

атаулардың шығу тегі нақты тарихи тұлғамен байланысты екені толық анықталмаған. Бұл атаулардың антропонимдік сипатын дәлелдеу үшін қосымша тарихи, ономастикалық және археологиялық зерттеулер қажет етеді. Олардың шығу тегі туралы гипотезалар этимологиялық және тарихи контекстке негізделгенімен, оларды түбегейлі бекіту үшін ортағасырлық құжаттар мен картографиялық деректерді қосымша талдау маңызды.

Жалпы, Бабырнамадағы антропотопонимдер – түркілердің жүрген, қоныстаған Орта Азия, Үндістан және Таяу Шығыс тарихындағы билік, саяси құрылым және мәдениетаралық байланыстардың географиялық көрінісі.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде Бабырнамадағы антропотопонимдердің тарихи-ономастикалық маңызы анықталды. Олар:

- Белгілі бір аймақтардың географиялық ерекшеліктерін ғана емес, сол кезеңдегі тарихи оқиғалар мен саяси өзгерістерді де сипаттайтын құнды дереккөз ретінде де қарастырылуға болатындығы;

- Антропотопонимдер арқылы билеушілердің ықпалы, әулеттік байланыстар мен көшпелі өркениеттің ерекшеліктері айқындалып, оларды тарихи және тілдік тұрғыдан жан-жақты қарастыру қажеттілігі;

- Осыған байланысты, Бабырнамаға қатысты отандық зерттеулердің кеңінен жасалуына назар аудару қажеттілігі;

- Бабырнамадағы жер-су атауларының мағыналық ерекшеліктерін қарастыру арқылы түркілердің тарих бойынша жүріп өткен елді мекендердің географиялық картасын қалыптастыруға болатындығы;

- Бұл бағыттағы зерттеулер тарихи тамырларды анықтауға, атаулардың өзгеру себептерін түсінуге ықпал ететіндігі анықталды.

Қорыта келе, кейбір атаулар тарихи тұлғалармен тікелей байланысып, тарихи деректер арқылы расталса, ал кейбіреулері қосымша зерттеуді қажет етеді. Болашақта кең ауқымды салыстырмалы зерттеу жүргізу, тарихи дереккөздермен кешенді талдау жасау және археологиялық деректерді қарастыру арқылы бұл атаулардың тарихи негізін одан әрі нақтылауға болады.

Әдебиет:

al-Istakhri, 1967 – *al-Istakhri*, Abu Ishak al-Farisi. *Viae regnorum*. ed. M.J. de Goeje, BGA, pars 1. Lugduni-Batavorum: E.J. Brill, 1967.

Cacciafoco, Cavallaro, 2023 – *Cacciafoco F., Cavallaro F.* Place Names. Approaches and Perspectives in Toponymy and Toponomastics / F. Cacciafoco, F. Cavallaro. Cambridge: Cambridge University Press, 2023. 298 p.

Xold-e Barin “Sections VI & VII” Mohammad Yusof Valeh Esfahani-e Qazvini. Edited by Mir Hasem Muhaddes. Miras-e Maktub, Tehran, 2000.

Бартольд, 1964 – *Бартольд В.В.* Работы по отдельным проблемам истории Средней Азии // Сочинения: в 9 т. / Гафуров Б. Г. Москва: Наука, 1964. – Т. 2, кн. 2. – 657 с.

Жанұзақ, Рысберген, 2004 – *Жанұзақ Т., Рысберген Қ.* Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. Алматы: Азия, 2004. 128 б.

Жеменей, 2023 – Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама: ауд. Ислам Жеменей. Алматы: Дарын, 2023. 458 б. + 8 бет жапсырма.

Казакова, 2022 – *Казакова Р.М.* История создания и культурно-историческое значение текста «Бабур-наме». Эпиграммы Бабура // Образование и инновационные исследования. 2022. № 7. С. 87–90.

Камолиддин, 2006 – *Камолиддин Ш.С.* Древнетюркская топонимия Средней Азии. Ташкент: Шарк, 2006. 192 с.

Караев, 1973 – *Караев О.* Земли тогуз-огузов, карлуков, хазладжия, хилхия, кимаков и киргизов по карте ал-Идриси // Арабо-персидские источники о тюркских народах. Фрунзе: Илим, 1973. С. 4–48.

Кораяев, 2006 – *Кораяев С.* [Qorayev S.] Toponimika. Toshkent: O'zbekiston faylasuflari milliy jamiyati, 2006.

Микешина, 2006 – *Микешина Л.А.* Философия науки. Эпистемология. Методология. Культура. Москва, 2006.

Миниярова, 2023 – *Миниярова Д.Р.* Принципы классификации урбанонимической лексики // Тенденции развития науки и образования. 2023. № 98–7. С. 55–58.

Михайлова, 1951 – *Михайлова А.И.* Новые эпиграфические данные для истории Средней Азии IX в. // ЭВ. Т. 5. – Л., 1951. С. 10–20.

Суперанская, 1984 – *Суперанская А.В.* Что такое топонимика. Москва: Наука, 1984. 182с.

Уразметова, 2016 – *Уразметова А.В.* Английская топонимика как лексическая подсистема языка (на материале топонимической лексики Великобритании и США). Уфа, 2016. 461 с.

Уразметова, 2022 – *Уразметова А.В.* Топонимическая система Великобритании: первичная и вторичная номинация: монография. Санкт-Петербург: Сциентиа, 2022. 172 с.

References:

al-Istakhri, 1967 – *al-Istakhri*, Abu Ishak al-Farisi. Viae regnorum [Routes of the Kingdoms]. ed. M.J. de Goeje, BGA, pars 1. Lugduni-Batavorum: E.J. Brill, 1967. [in Arabic, Latin].

Cacciafoco, Cavallaro, 2023 – *Cacciafoco F., Cavallaro F.* Place Names. Approaches and Perspectives in Toponymy and Toponomastics / F. Cacciafoco, F. Cavallaro. Cambridge: Cambridge University Press, 2023. 298 p. [in English].

Xold-e Barin “Sections VI & VII” Mohammad Yusof Valeh Esfahani-e Qazvini. Edited by Mir Hasem Muhaddes. Miras-e Maktub, Tehran, 2000. [in Persian].

Bartold, 1964 – *Bartold V.V.* Raboty po otdelnym problemam istorii Sredney Azii [Works on specific problems of the history of Central Asia] // Sochineniya: v 9 t. / Gafurov B. G. – M.: Nauka, 1964. – Т. 2, В. 2. – 661 p. [in Russian].

Janūzaq, Rysbergen, 2004 – *Janūzaq T., Rysbergen Q.* Qazaq onomastikasy: jetistikteri men bolaşaǵy [Kazakh Onomastics: achievements and prospects]. Almaty: Azia, 2004. 128 p. [in Kazakh].

Jemenei, 2023 – *Zāhireddin Mūhammed Babyr.* Babyrnama: Aud. İslam Jemenei [Zahiriddin Muhammad Babur. Baburnama: Translated by Islam Zhemenei]. Almaty: Daryn, 2023. 458 bet + 8 bet japsyrma. [in Kazakh].

Kazakova, 2022 – *Kazakova R.M.* Istoriya sozdaniya i kulturno-istoricheskoye znachenie teksta «Babur-name». Epigrammy Babura [History of the creation and cultural-historical significance of the text *Baburnama*. Babur's epigrams] // Obrazovaniye i innovatsionnye issledovaniya. 2022. № 7. S. 87–90. [in Russian].

Karayev, 1973 – *Karayev O.* Zemli toguz-oguzov, karlukov, khazladzhiya, khilkhia, kimakov i kirgizov po karte al-Idrisi [Lands of the Toquz-Oghuz, Karluks, Khazlaj, Khilkh, Kimaks, and Kyrgyz according to al-Idrisi's map] // Arabo-persidskiye istochniki o tyurkskikh narodakh. Frunze: Ilim, 1973. P. 4–48. [in Russian].

Kamoliddin, 2006 – *Kamoliddin Sh.S.* Drevnetyurkskaya toponimiya Sredney Azii [Ancient Turkic toponymy of Central Asia]. Tashkent: Shark, 2006. 192 p. [in Russian].

Korayev, 2006 – *Korayev S.* [Qorayev S.] Toponimika [Toponymy]. Toshkent: O'zbekiston faylasuflari milliy jamiyati, 2006. [in Uzbek].

Mikeshina, 2006 – *Mikeshina L.A.* Filosofiya nauki. Epistemologiya. Metodologiya. Kultura [Philosophy of science. Epistemology. Methodology. Culture]. Moskva, 2006. [in Russian].

Miniyarova, 2023 – *Miniyarova D.R.* Printsipy klassifikatsii urbanonimicheskoy leksiki [Principles of classification of urbanonymic vocabulary] // Tendentsii razvitiya nauki i obrazovaniya.

2023, № 98–7. P. 55–58. [in Russian].

Mikhaylova, 1951 – *Mikhaylova A.I. Novye epigraficheskiye dannye dlya istorii Sredney Azii IX v.* [New epigraphic data for the history of Central Asia in the 9th century] // EV. T. 5. – L., 1951. P. 10–20. [in Russian].

Superanskaya, 1984 – *Superanskaya A.V. Chto takoye toponimika* [What is toponymy]. Moskva: Nauka, 1984. 182 p. [in Russian].

Urazmetova, 2016 – *Urazmetova A.V. Anglyskaya toponimika kak leksicheskaya podsystema yazyka (na materiale toponimicheskoy leksiki Velikobritanii i SShA)* [English toponymy as a lexical subsystem of the language (Based on the toponymic vocabulary of Great Britain and the USA)]. Ufa, 2016. 461 p. [in Russian].

Urazmetova, 2022 – *Urazmetova A.V. Toponimicheskaya sistema Velikobritanii: pervichnaya i vtorichnaya nominatsiya* [Toponymic system of Great Britain: primary and secondary nomination]. Sankt-Peterburg: Stsiyentia, 2022. 172 p. [in Russian].

¹Шадкам З. ²Амантай М.А.

^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

^{1,2}E-mail: moldir.amantay.2001@gmail.com

ИСТОРИКО-ОНОМАСТИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ АНТРОПОТОПОНИМОВ В ВОСТОЧНЫХ ИСТОЧНИКАХ: НА ОСНОВЕ БАБУР-НАМЕ

Аннотация. Антропотопонимы представляют собой особую категорию топонимов, которые связывают название географического объекта с именем человека. Они играют важную роль в сохранении исторической памяти и культурной преемственности. Данное исследование направлено на выявление историко-ономастического значения антропотопонимов, встречающихся в труде *Бабур-наме* Захиреддина Мухаммеда Бабура. Новизна исследования заключается в выявлении антропотопонимов в *Бабур-наме* и анализе их исторических, лингвистических и географических особенностей. В связи с тем, что антропотопонимы в восточных текстах до сих пор были недостаточно изучены, данная работа вносит новые данные в область ономастики. Основные задачи статьи включают сбор антропотопонимов из *Бабур-наме*, их семантический и этимологический анализ, а также определение их роли в историческом контексте. Полученные результаты обладают практической значимостью для ономастики, истории и лингвистики. Методология исследования включает сравнительно-исторический, ономастический и семантический анализ. Эти подходы позволяют глубже понять происхождение антропотопонимов, их употребление в историческом контексте и когнитивную структуру. В результате исследования был составлен перечень антропотопонимов, встречающихся в *Бабур-наме*, проведен анализ их семантических особенностей и исторического употребления. Исследование антропотопонимов позволяет глубже понять историческое и культурное наследие тюркских народов. Ожидается, что это исследование поможет лучше понять значение антропотопонимов, выявить их особенности использования и послужить ориентиром для будущих научных исследований.

Благодарность: Статья выполнена в рамках проекта финансируемого Министерством науки и высшего образования Республики Казахстан на тему «Древнетюркские топонимы в китайских и других восточных источниках – одна из основ современной тюркской интеграции: историко-этимологический и лингвистический аспект» (индивидуальный регистрационный номер: BR24993043).

Ключевые слова: топонимия, антропотопонимы, восточные источники, Бабур-наме.

¹Shadkam Z. ²Amantay M.A

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

^{1,2}E-mail: moldir.amantay.2001@gmail.com

THE HISTORICAL AND ONOMASTIC SIGNIFICANCE OF ANTHROPOTOPONYMS IN EASTERN SOURCES: BASED ON BABURNAMA

Abstract. Anthroponyms are a unique category of toponyms that associate the name of a geographical feature with a person's name. They play a crucial role in preserving historical memory and cultural continuity. This study aims to determine the historical and onomastic significance of anthroponyms found in *Baburnama* by Zahiriddin Muhammad Babur. The novelty of the research lies in the identification of anthroponyms in *Baburnama* and the examination of their historical, linguistic, and geographical characteristics. Due to the limited study of anthroponyms in Eastern texts, this work contributes new data to the field of onomastics. The main objectives of the article include collecting anthroponyms from *Baburnama*, conducting their semantic and etymological analysis, and defining their role in the historical context. The findings hold practical significance for onomastics, history, and linguistics. The research methodology includes comparative-historical, onomastic, and semantic analysis methods. These approaches allow for a deeper understanding of the origin, historical application, and cognitive structure of anthroponyms. As a result of the study, a comprehensive list of anthroponyms in *Baburnama* was compiled, and their semantic features and historical usage were analyzed. The study of anthroponyms provides a deeper understanding of the historical and cultural heritage of Turkic peoples. This research is expected to contribute to a better understanding of the importance of anthroponyms, identify their usage patterns, and provide guidance for future scientific investigations.

Acknowledgments: The article was carried out within the framework of the project funded by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan on the topic «Ancient Turkic Toponyms in Chinese and Other Eastern Sources – One of the Foundations of Modern Turkic Integration: a historical-etymological and linguistic perspective» (individual registration number: BR24993043).

Keywords: toponymy, anthroponyms, Eastern sources, Baburnama.

Авторлар туралы мәлімет:

Шадкам Зубейда, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Амантай Мөлдір Алмазқызы, Шығыстану факультеті, Шетел филологиясы(шығыс тілдері) мамандығының магистранты (2-курс), әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Information about authors:

Shadkam Zubaida, Candidate of Philological Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Amantai Moldir Almazkyzy, Master's student (2nd year) in Foreign Philology (Eastern Languages), Faculty of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Шадкам Зубайда, кандидат филологических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Амантай Мөлдір Алмазқызы, магистрант (2 курс) по специальности «Иностранная филология (восточные языки)», факультет востоковедения, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.